

«Бекітілді»

КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақпасы

№1 педагогикалық кеңесте

25 тамыз 2020 жыл

Шешімі негізінде №52 бұйрық



Вариативтік компонент

«Сиқырлы әріптер»

Мектепалды даярлық тобы

36 сағат

Түсінік хат

5-6 - жастағы «Сиқырлы әріптер» таңдау пәнінің негізгі мақсаты ұйымдастырылған оқу қызметінде алған білімдерін одан әрі шыңдау. Ұйымдастырылған оқу қызметінде негізгі білім, білік дағдыларын қалыптастыру болса, ауызша айтқан сақтап жазу қиын да, маңызды да қағидалардың бірі болып табылады. Ұсынылып отырған жоспар 5-6 жас бағдарламасына сәйкестендірілген. Қолдарын жаттықтыру үшін жазу, көшіріп жазу балалардың зейінін, есту қабілеттерін, есте сақтауды дамытады. Сондай - ақ жоспарда балалардың шығармашылық қабілетін дамытады. Сонымен қатар балалардың ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейтуге өз ықпалын тигізеді. Жазу баланы ұқыптылыққа тәрбиелейді, сөздік қорын көбейтіп, сөйлеу тілін жетілдіреді.

«Сиқырлы әріптер» бағдарламасы аптасына 1 сағаттан 36 сағатқа арналып жоспарланған.

«Сиқырлы әріптер» бағдарламасының мақсаты:

Әріп таңбаларын әдемі көркем етіп салуға жаттықтыру, жазу мен оқуды үйрету.

Сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі жазуға және қалам ұстай білуге үйрету.

Балаларға шағын әңгімелер құрастыруға, жұмбақтарды шешуге, мақалдарды жалғастыруға, сөздердің ұйқасын табуға, суретпен жұмыс жүргізуге, тыйым сөздер жазуға машықтанады.

Мақсаты:

Балаларға оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерту. Байланыстырып сөйлеуге және шығармашылыққа бейім жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау.

Міндеті:

- Сабақты ұйымдастыру барысында ойын, жаттығу, тренингтерді жүйелі қолдана отырып, зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау сияқты психикалық қызметтерін дамыту;
- Баланың ой- өрісін жетілдіру және сөздік қорын молайту.
- Нәтижесі:

-әріптерді жазуға дағдыланады;

- буында неше дауысты дыбыс болса сонша буын болатының және сөздерді буынға бөлуді үйренеді;
- Сөзден сөйлем құрауға;
- шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.
- Суреттерден сөйлем ойлауға уйренеді.

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағ\ саны	Мерзімі
1	Айналамыздағы дыбыстар.Дыбыс.	Дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. Есту қабілетін жетілдіру.	1	Қыркүйек I
2	Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын.	Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын. Сөздердің бір буыннан да, көп буыннан да тұратынын білдіру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатының түсіндіру. Буындық белгіні қол жаттықтыру дәптеріне жаздыру, балалардың ой - өрісін, ойлау қабілетін, сауат ашу пәніне деген қызығушылығын арттыру. мақсатына жетуге ұмтылдыру, ұқыптылыққа, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, өздігінен жұмыс істей білуге үйрету.	1	II
3	Мен білетін жақсы сөздер .Сөз. Дауысты дыбыстар.	Сөздердің ұзын, қысқалығын түсіндіру. Дыбыстарды сөздер арасында тапқызу арқылы ойлау қабілетін дамыту. Белгілі бір дыбысқа сөз ойлап табуға тәрбиелеу.	1	III
4	Біз-өнерлі баламыз.Сөйлем түрлері. Дауыссыз дыбысытар.	Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Суретке қарап сөйлем құрау. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін дамыту. Балаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру. Жаттығулар орындау арқылы дауыссыз дыбыс туралы білімдерін жетілдіру.	1	IV
5	«А а дыбысы және әрпі»	А. дыбысын заттар атауынан тауып аитуға, Сөздерді дыбыстық талдау жасауға ,Үздік сызықтарды қосу арқылы қол қимылын	1	Қазан

		жаттықтыру.		I
6	«Н н дыбысы және әрпі»	Н дыбысын сөз ішінде дұрыс оқуға жаттықтыру, мақал-мәтел айтуға, оның мазмұнын ашып түсінуге, сонымен қатар қандай? сұрағына дұрыс жауап беруіне үйрету, адамгершілік тәрбие беру, сауатты жазу және оқуға дағдыландыру	1	II
7	«Л л дыбысы және әрпі»	Л, л дыбысы мен әрпін қайталау. Ойын арқылы тілдерін, ой - өрістерін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілетін дамыту. Л дыбысы бар сөздерді ойлап табуға, дауысты - дауыссыз дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға, баспа түрде жазуға дағдыландыру, ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	1	III
8	«Р р дыбысы және әрпі»	«Рр» дыбысынмен және, «Р» дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету, дауысты , дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Сөздер мен сөйлемдер құру арқылы балалардың ой өрісін дамыту.	1	IV
9	«О о дыбысы және әрпі»	О дыбысы мен әрпімен балаларды құрамында о дыбысы бар сөздерді талдау; 0 дыбысын дұрыс дыбыстатып, оның таңбасын - әрпін таныту, о дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.	1	Қараша I
10	«Т т, У у дыбыстары және әрпі»	Т У дыбыстары бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Буын туралы түсінігін кеңейту. Балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды тапқырлыққа, адамгершілік қасиеттерге үйрету. Тапқырлыққа , ой ұшқырлығына тәрбиелеу.	1	II
11	«Ш ш, дыбысы және	Ш әрпі және (ш) дыбысына сөз ойлау. Сөзге дыбыстық талдау	1	III

	әрпі»	жасай білуге үйрету .Дыбыс пен әріпті ажырата білуді жалғастыру .Шш әрпінің баспа түрін жазуды үйрету.		
12	«С с дыбысы және әрпі»	Сс әрпі және (с) дыбысынан басталатын суретке сөз ойлау.Сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету .Дыбыс пен әріпті ажырата білуді жалғастыру .Сс әрпінің баспа түрін жазуды үйрету.	1	IУ
13	«Ы ы дыбысы және әрпі»	Балаларға Ы дыбысы мен әрпін меңгерту, сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ы дыбысының артикуляциясын дұрыс қолданып, дұрыс айтуға үйрету. Ы дыбысының орнын анықтату, ауызша әңгімеден кейін сызбаға сәйкес сөйлемдер құрауға үйрену. Сурет бойынша әңгіме құруға үйрету	1	Желтоқсан I
14	«Д д дыбысы және әрпі»	«Д»дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру буынды оқыту, сөзге дыбыстық талдау жасау, сөйлем құруға үйрету. Сөйлем туралы түсініктерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	II
15	«М м дыбысы және әрпі»	«М» дыбысы мен әрпін жазу.Суретке қарап сызба бойынша сөйлем құрауды әрі қарай дамыту.Қолды жазуға үйрету ө әрпін жазуды үйрету. Инабаттыққа тәрбиелеу.	1	II
16	«Қ қ дыбысы және әрпі»	«Қ»дыбысы және әріп таңбасын сөз ойлау. Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөліп үйрету. Дауысты дыбыс терминдерін түсіндіру.жұмысты таза ұқыпты аяқтауға тәрбиелеу.	1	III
17	«К к дыбысы және әрпі»	К» дыбысы мен әрпін қайталату. К дыбыстық талдау жасау біліктілігін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	IУ
18	«Е е дыбысы және әрпі»	«Е» дыбысы мен әрпін қайталату. Е дыбысына ыбыстық талдау жасау біліктілігін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу	1	Қаңтар

				I
19	«Ұ ұ, Ү ү дыбыстары және әрпі»	Ұ, Ү дыбыстарының және әріп таңбаларын жазу. Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөліп үйрету. Дауысты дыбыс терминдерін түсіндіру. жұмысты таза ұқыпты аяқтауға тәрбиелеу	1	II
20	«І і дыбысы және әрпі»	І» дыбысы мен әріп таңбасы туралы түсінік беру.(І) дыбысы дауысты дыбыс екенін түсіндіру.І дыбысына сөздер оилап ,дыбыстық талдау жасату, білуін дамыту. Тиянақты, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	III
21	«И и Ы ы дыбыстары және әрпі»	И, Ы дыбыстарын мен әрптерін жазу. Дыбыстық талдау түрлерін үйрету. Буындарды оқу арқылы тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	IV
22	«Ғ ғ дыбысы және әрпі»	Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, «Ғ» дыбысының айтылу артикуляциясын меңгерту. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасату, буындап оқуға жаттықтыру, жаттығуларды орындату арқылы қол моторикасын дамыту. Ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыта отырып шығармашылыққа тәрбиелеу	1	Ақпан I
23	«Г г дыбысы және әрпі»	«Г» дыбысы мен буындарды оқыту . «Г» дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. Сөздерді оқыту арқылы тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	II
24	«Ң ң дыбысы және әрпі»	Ң дыбысы мен әріпін жазу, мәтін оқи алуға үйрету, көркем жаза білуге мүмкіндік туғызу, сыни тұрғыдан ойлауын , сөздік қорын	1	III

		дамытып , білімдерін кеңейту, топта бір-бірін тыңдауға , аңдарды қорғауға тәрбиелеу..		
25	«Ө ө дыбысы және әрпі»	«Ө» дыбысын жазу. Қысқа сөздерді оқыту арқылы тілін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу	1	IY
26	«Ә ә, дыбысы және әрпі»	«Ә» дыбысы мен әрпін жазу дыбстық талдау жасауды үйрету. Буынға бөлу білігін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	Наурыз I
27	«Ж ж З з дыбысы және әрпі»	«Ж,З» дыбысы мен әрптерін жазу. Қысқа сөздерді оқыту арқылы тілін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу	1	II
28	«П п дыбысы және әрпі»	П» дыбысы мен әріп таңбасын қайталау. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	1	III
29	«Б б дыбысы және әрпі»	Балаларды Б дыбысымен таныстыру, б дыбысының орнын анықтату, сауатты оқуға және жазуға дағдыландыру, сөздерге дыбыстық және буындық талдау жасай білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісін, сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту. Әдемі, көркем, таза жазуға үйрету, бауырмалдылыққа, еңбекшілдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	IY
30	«Х х ,В в дыбыстары және әрпі»	«Х ,В» дыбысы мен әрптерін қайталау. Балалардың сөзге дыбыстық талдау жасауын дамыту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу.	1	Сәуір I
31	«Я я дыбысы және әрпі»	«Я» дыбысы мен әріп таңбасымен танысу, «я» дыбысы дауысты дыбыс екенін ,я дыбысынан келетін сөздер ойлату. Ойын арқылы	1	II

		ойлау қабілетін дамыту. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.		
32	«Ю ю,Ф,ф дыбысы және әрпі»	«Ф, Ю» дыбыс мен әріп таңбаларын жазу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Оқуға, жазуға, жаттықтыру, сөздік қорын толықтыра , тілін дамыту. Елін, жерін сүйеге тәрбиелеу.	1	III
33	«Щ щ дыбысы және әрпі»	«Щ» дыбыс мен әріп таңбасын таныстыра келіп, сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Үлкенді құрметтеуге баулу. Ұғымталдаққа тәрбиелеу.	1	IV
34	«Ё ё ,Э э дыбыстары және әрпі»	Ё,Э» дыбыс мен әріп таңбаларын қайталау, дұрыс айта білуге машықтандыру. Дидактикалық ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту.	1	Мамыр I
35	«Ц ц,Ч ч,Ъ ъ,Ь ь дыбыстары және әрпі»	Ц,Ч,Ъ,Ь дыбысы мен әрптері туралы білімді меңгерту,сұрақтарға жауап беруге ынталарын арттыру.	1	II
36	«Жоғалған сөздер.»	Өткен дыбыстарды қайталау,зейінін бақылау. «Жоғалған сөздер ойынымен таныстыра отырып,сөздер,сөйлем құруға және дұрыс буынға бөлуін қадағалау.	1	III